



ШЕШІМ

12.12.2018 № 335/42-VI

Астана қаласы

РЕШЕНИЕ

город Астана

**Астана қаласы мәслихаты
хатшысының 2018 жылы
атқарылған жұмысы
жөніндегі есебі туралы**

Қалалық мәслихат хатшысы Ж.Ф. Нұрпейісовтың 2018 жылы мәслихаттың қызметін ұйымдастыру жөніндегі жұмыс туралы есебін тыңдап, талқылай отыра, сессия жергілікті өкілетті органның өкілеттігін жүзеге асыру Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы» Заңына және қалалық мәслихаттың жұмыс регламентіне сәйкес іске асырылғандығын анықтады.

Осы мақсатта елорданың депутаттық корпусы бірқатар іс-шаралар өткізді. Елорда тіршілігі үшін маңызды бағдарламалық құжаттарды іске асыруға байланысты мәселелер басты назарда болатын.

2018 жылы мәслихат депутаттарының сайлаушылармен кездесулеріне 20 000 мыңнан астам адам қатысты. Сайлаушыларды қабылдау кестесіне сәйкес 1500 – ден астам сайлаушы қабылданды, осынша өтініш қарастырылды.

Сайлаушылардың есеп берулері мен қабылдауларын өткізу барысында депутаттардың қызметі бойынша сайлаушылардың объективті ескертулері мен ұсыныстары негізінде сессияларда және тұрақты комиссиялардың отырыстарында қарау үшін мәселелер тізбесі жасалды.

Есепті кезеңде қалалық мәслихат 15 сессия өткізді, 119 шешім, оның ішінде әділет органдарында тіркелген 22 нормативтік құқықтық акті қабылданды.

Депутаттар Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласын басқару схемасын, Астанадағы жаңа әкімшілік-аумақтық бірлік – «Байқоңыр» ауданын бекітті, Астана қаласының әкімін, «Есіл», «Байқоңыр» аудандарының әкімдерін лауазымдарына тағайындауға келісім берді, әкімдік пен мәслихаттың басқа да кадрлық және құрылымдық мәселелерін бекітті.

Астана қаласының мәслихаты алдын ала тыңдалғаннан және талқылағаннан кейін: Астана аумағының қала құрылысы регламентін; «Астана қаласы әкімдігінің Көліктік қызмет көрсету жөніндегі мемлекеттік-жекеменшік әріптестігінің сервистік келісімшарты» мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдауды; электрондық жүйе арқылы төлеу кезінде Астана қаласы бойынша қалалық және қала маңындағы қатынастарда жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау бағыттарына сараланатын тарифті қарастырды және мақұлдады.

Депутаттар бекіту үшін ұсынылған Абаттандыру; Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және Астана қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындау; Астана қаласының аумағындағы жасыл желектерді күтіп-ұстау және қорғау; Астана қаласының ортақ суын пайдалану; Сот шешімімен Астана қаласының коммуналдық меншігіне түскен иесіз болып танылған қалдықтарды басқару қағидаларының жобаларына түзетулер енгізді.

Депутаттардың ұсынысы бойынша және олардың белсенді қатысуымен әлеуметтік-экономикалық саланың бірқатар мәселелері зерделенді. 2018 жылы қалалық мәслихаттың кезекті сессияларында:

- «Елордалық білім беру жүйесінің даму жағдайы және перспективалары туралы»;

- «Елорданың халқын жұмыспен қамтудың жай-күйі мен шаралары туралы және қолданыстағы заңнамаға сәйкес жаңа жұмыс орындарын құру жөніндегі шараларды ұйымдастыру»;

- «Астананың көлік жүйесін жаңғырту шеңберінде халыққа қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша жергілікті атқарушы органның қызметі туралы» мәселелер қарастырылды.

Кезекті сессиялардың негізгі мәселелерін дайындау барысында тиімді шешімдер қабылдау мақсатында қалалық инфрақұрылым объектілеріне барды, еңбек ұжымдарында кездесулер өткізілді, онда депутаттарға кәсіпорын жұмысының ерекшеліктерімен танысуға, қарастырылатын мәселе бойынша жұртшылықтың пікірін зерттеуге мүмкіндік берілді. Мәселелерді талқылау нәтижелері бойынша қалалық атқарушы органдарға проблемалық мәселелерді шешу үшін шаралар қабылдау бойынша ұсыныстар берілді, оларды іске асыру бақылауға алынды.

Елорда бюджеті, оның қалыптасуы, орындалуы, кіріс бөлігінің артуы мәслихат қызметінде өзекті мәселелер болып табылады. Бюджет жобасын бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қатысуымен тұрақты комиссиялардың отырыстарында, мәслихаттың депутаттық фракциясының бірлескен отырысында мұқият талқылау әлеуметтік бағдарланған бюджетті алуға мүмкіндік береді.

Астана қаласы мәслихатының депутаттары елорданың шет аймағын дамыту мәселелеріне ерекше көңіл бөледі. Есепті кезеңде алдағы үш жылға арналған бюджеттік шығыстарды қалыптастыру кезінде депутаттық корпус

Денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, көлік инфрақұрылымын дамыту және т.б. салалардағы проблемалық мәселелерді көтерді. Бекітілген бюджетте көрініс таппаған мәселелер бақылауға алынды.

Астана қаласы мәслихаты депутаттарының тұрақты бақылауында жергілікті бюджет қаражатын тиімді және ұтымды пайдалану мәселелерімен қатар жүйелі сипаттағы проблемалар бар. Олар - білім беру мекемелерінің оларды пайдалануға бергеннен кейін жинақталмауы; коммуналдық шаруашылық объектілерін, жаңадан іске қосылатын объектілерді және басқа да жылжымайтын мүлік объектілерін коммуналдық меншікке уақтылы бермеуі; білім беру мекемелеріне кірме жолдардың болмауы; аулаішілік аумақтарды абаттандыру, көгалдандыру, санитарлық ұстау және тағы басқалар.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Астана қаласы мәслихатының тұрақты комиссиялары айтарлықтай жұмыстар жүргізді. Есеп беру кезеңінде Астана қаласы мәслихатының тұрақты комиссияларының 40-тан астам отырысы өткізілді, онда қала үшін өзекті мәселелер көтерілді, олардың көпшілігі өз шешімін тапты.

Мәслихат ұсынысының нәтижесі бойынша №8 орта мектепті қайта жаңарту үшін жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуге қаражат салынды, Кирпичный кентінде балабақша ашу; мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктерін енгізу шеңберінде мектеп жанындағы аумақтарда жабық спорт алаңдарын салу мәселелері пысықталуда.

Апатты жағдай алдындағы және толық мектептер проблемаларын шешу, сондай-ақ қала құрылысының нақты жоспарларымен байланыстыра отырып, жаңа мектептер құрылысының орнын анықтау мақсатында депутаттар: «Жобалаудың басталуы 2018 жылға жоспарланған жаңа мектептер мен мектептерге жапсарлас құрылыстардың орналасу орындарының тізбесі туралы»; «Жан басына нормативтік қаржыландырумен пилоттық мектептерді қаржыландыру схемасы» мәселелерін қарастырды. «Өндіріс» тұрғын алабында толыққанды алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету орталығы ашылады.

Астана қаласы мәслихатының шешімімен Астана қаласы азаматтарының жекелеген санаттарына қалалық жолаушылар көлігінің бағыттарында жол жүру ақысын төлеуден босату түрінде әлеуметтік көмек көрсету тәртібі бекітілді, сондықтан ата-аналар мен заңды өкілдердің мүгедек балаларды жетіге дейін емес, 18 жасқа дейін алып жүрулері үшін жеңілдіктері бар.

Мәслихаттың тұрақты комиссиясының ұсынымдарына сәйкес «1000 орын - көше саудасы» бағдарламасын жүзеге асыру мәселелерін зерттеу үшін қалалық мәслихат депутаттары, қалалық атқарушы органдар, Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті, Кәсіпкерлер Палатасы, көше саудасы қауымдастығы, бизнес өкілдері қатарынан жұмыс тобы құрылды.

Жұмыс тобы қызметінің нәтижелері бойынша жер учаскелерін сату жөніндегі ережеге және кәсіпкерлермен жасалған шартқа тиісті өзгерістер енгізілді.

Есепті кезеңде барлық тұрақты комиссиялар мәслихат сессияларында заңнамаға және қалалық мәслихаттың регламентіне сәйкес атқарылған жұмыс туралы есеп берді.

Мәслихат регламентіне сәйкес тұрақты комиссиялар сессиялар қабылдаған және комиссиялар қабылдаған барлық қаулыларды бақылауды жүзеге асырды.

Халықтың барлық топтарын жергілікті өкілетті органның қызметі және ол өткізетін іс-шаралар туралы жүйелі және дәйекті ақпараттандыру мақсатында мәслихаттың ресми сайты жұмыс істейді.

Тәжірибеге енгізілген мәслихат сессиялары мен басқа да іс-шараларының онлайн-трансляциясы жергілікті өкілетті орган қарайтын мәселелер туралы қала тұрғындарын жедел хабардар етуге және тұрғындарға өздерін қызықтыратын сұрақтарды қоюға және оларға қалалық атқарушы органдар басшыларының жауаптарын алуға мүмкіндік береді.

Депутаттық имиджді қалыптастырудың тиімді құралдарының бірі Фейсбук әлеуметтік желісі болып табылады, онда депутаттар пайдаланушыларды өздерінің депутаттық белсенділігі туралы жүйелі түрде хабардар етеді, депутаттық мәселелер бойынша түсініктемелер береді.

Мәслихат депутаттары мемлекет басшысының бағдарламалық құжаттарын халыққа түсіндіру жұмысы шеңберінде еңбек ұжымдарында кездесулер өткізді, мемлекет басшысының «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауын және «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласын бұқаралық ақпарат құралдарында талқылауға белсенді түрде қатысты.

Депутаттар сессиялар мен тұрақты комиссиялар отырыстарының жұмысына қатысумен қатар елорданың әлеуметтік - экономикалық өміріне тікелей қатысады. "Нұр Отан" партиясы депутаттық фракциясының мүшелері бола отырып, депутаттар партияның бағдарламалық құжаттарының, мемлекеттік, салалық және өңірлік бағдарламалардың іске асырылу барысына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген бюджет қаражаты мен қаражаттың тиімді пайдаланылуын партиялық бақылау мен мониторингті жүзеге асырады. Депутаттар сондай-ақ Үйлестіру кеңестерінің, қала әкімдігі жанындағы қалалық және ведомствоаралық комиссиялардың мүшелері болып табылады.


Астана қаласы мәслихатының депутаттары өздерінің сайлау округтерінде үлкен жұмыстар жүргізуде, сайлаушыларды қабылдау жүргізуде, азаматтардың өтініштері қаралады, тиісті ведомстволарға сауалдар мен хаттар дер кезінде жіберіледі.

Астана қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қалалық мәслихат хатшысының 2018 жылы мәслихаттың қызметін ұйымдастыру жөніндегі жұмыс туралы есебі назарға алынсын.

2. Депутаттарға, Астана қаласы мәслихатының аппаратына елорданың атқарушы органдарымен өзара тығыз байланыста елорда халқының әл-ауқатын жақсартуға бағытталған міндеттерді іске асыру мақсатында депутаттар қызметін әрі қарай жетілдіру және белсендендіру жөніндегі шараларды қабылдау ұсынылсын.

**Астана қаласы мәслихаты
сессиясының төрағасы**



Е. Сыдықов

**Астана қаласы
мәслихатының хатшысы**



Ж. Нұрпейісов



ШЕШІМ

12.12.2018 № 335/42-VI

Астана қаласы

РЕШЕНИЕ

город Астана

**Об отчете секретаря маслихата
города Астаны о проделанной
работе за 2018 год**

Заслушав и обсудив отчет секретаря городского маслихата Нурписова Ж.Г. о проделанной работе по организации деятельности маслихата в 2018 году, сессия отмечает, что реализация полномочий местного представительного органа осуществлялась в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и регламентом работы городского маслихата.

В этих целях депутатским корпусом столицы осуществлен комплекс мер. В центре внимания были вопросы, связанные с реализацией программных документов важных для жизнедеятельности столицы.

На основе объективных замечаний и предложений избирателей по деятельности депутатов, поступивших в ходе проведения отчетов и приемов избирателей составлен перечень вопросов для рассмотрения на сессиях и заседаниях постоянных комиссий.

За отчетный период городским маслихатом проведено 15 сессий, принято 119 решений, в том числе 22 нормативных правовых актов, зарегистрированных в органах юстиции.

В 2018 году на встречах депутатов маслихата с избирателями приняло участие более 20 000 человек. Согласно графику приема избирателей принято более 1500 горожан и рассмотренных обращения.

Депутатами утверждена Схема управления столицей Республики Казахстан – городом Астаной, новая административно-территориальная единица в столице – район «Байқоңыр», дано согласие на назначения на должность акима города Астаны, акимов районов «Есиль», «Байқоңыр», другие кадровые и структурные вопросы акимата и маслихата.

После предварительного заслушивания и обсуждения маслихатом города Астаны рассмотрены и одобрены: градостроительный регламент территории

столицы; принятие государственных обязательств по проекту государственно-частного партнерства «Сервисный контракт государственно-частного партнерства по транспортному обслуживанию акимата города Астаны»; дифференцируемый тариф на маршруты регулярных автомобильных перевозок пассажиров и багажа в городском и пригородном сообщениях по городу Астане при оплате через электронную систему.

Депутатами внесены коррективы в представленные для утверждения проекты Правил: благоустройства; оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Астаны; содержания и защиты зеленых насаждений на территории города Астаны; общего водопользования города Астаны; управления бесхозными отходами, признанными решением суда поступившими в коммунальную собственность города Астаны.

По предложению депутатов и при их активном участии изучен ряд вопросов социально-экономической сферы. Так, в 2018 году на очередных сессиях городского маслихата рассмотрены вопросы:

- «О состоянии и перспективах развития системы столичного образования»;

- «О состоянии и мерах по обеспечению занятости населения столицы и организации мер по созданию новых рабочих мест в соответствии с действующим законодательством»;

- «О деятельности местного исполнительного органа по улучшению качества обслуживания населения в рамках модернизации транспортной системы столицы».

В целях принятия эффективных решений в ходе подготовки основных вопросов очередных сессий посещены объекты городской инфраструктуры, проведены встречи в трудовых коллективах, где депутатам предоставилась возможность познакомиться со спецификой работы предприятий, изучить мнение общественности по рассматриваемому вопросу. По результатам обсуждения вопросов городским исполнительным органам даны рекомендации по принятию мер для решения существующих проблемных вопросов, реализация которых взята на контроль.

Актуальными в деятельности маслихата являются вопросы, связанные с бюджетом столицы, его формированием, исполнением, увеличением доходной части. Тщательное обсуждение проекта бюджета с участием администраторов бюджетных программ на заседаниях постоянных комиссий, совместном заседании депутатской фракции маслихата позволяет получить социально ориентированный бюджет.

Особое внимание депутаты маслихата города Астаны уделяют вопросам развития окраин столицы. В отчетный период при формировании бюджетных расходов на предстоящие три года депутатским корпусом были подняты проблемные вопросы в сферах здравоохранения, образования, культуры, жилищно-коммунального хозяйства, развития транспортной инфраструктуры и

другие. Вопросы, не нашедшие отражения в утверждаемом бюджете, взяты на контроль.

На постоянном контроле депутатов маслихата города Астаны наряду с вопросами эффективного и рационального использования средств местного бюджета находятся проблемы, которые носят системный характер. Это неукомплектованность учреждений образования после сдачи их в эксплуатацию; несвоевременная передача в коммунальную собственность объектов коммунального хозяйства, вновь вводимых объектов и других объектов недвижимости города; отсутствие подъездных путей к учреждениям образования; благоустройство внутридворовых территорий, озеленение, санитарное содержание и многие другие.

В соответствии с Законом Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», значительная работа проведена постоянными комиссиями маслихата города Астаны. За отчетный период проведено более 40 заседаний постоянных комиссий маслихата города Астаны, где поднимались проблемные для города вопросы, многие из которых нашли свое решение.

По результатам рекомендаций маслихата заложены средства на разработку проектно-сметной документации для реконструкции СШ №8, прорабатываются вопросы открытия детского сада в поселке Кирпичном; строительства крытых спортивных площадок на пришкольных территориях в рамках внедрения механизмов государственно-частного партнерства.

В целях решения проблем предаварийных и переуплотненных школ, а также определения мест строительства новых школ в увязке с реальными планами застройки города депутатами рассмотрены вопросы: «О перечне месторасположения новых школ и пристроек к школам, начало проектирования которых было запланировано на 2018 год»; «Схема финансирования пилотных школ с подушевым нормативным финансированием». Открылся полноценный центр первичной медико-санитарной помощи в жилом массиве «Ондирис».

Решением маслихата города Астаны утвержден Порядок оказания социальной помощи отдельным категориям граждан города Астаны в виде освобождения от оплаты за проезд на маршрутах городского пассажирского транспорта, вследствие чего родители и законные представители имеют льготы на транспорт для сопровождения детей-инвалидов не до семи, а до 18 лет.

Согласно рекомендациям постоянной комиссии маслихата создана рабочая группа из числа депутатов городского маслихата, представителей городских исполнительных органов, департамента государственных доходов по городу Астане, палаты предпринимателей, ассоциации уличной торговли, представителей бизнеса для изучения вопросов реализации программы «1000 мест – уличная торговля». По результатам деятельности рабочей группы внесены соответствующие изменения в Правила по реализации земельных участков и в договор с предпринимателями.

За отчетный период все постоянные комиссии отчитались на сессиях маслихата о проделанной работе в соответствии с законодательством и Регламентом городского маслихата.

В соответствии с Регламентом маслихата постоянными комиссиями осуществляется контроль за принимаемыми решениями сессий и всеми принятыми постановлениями комиссий.

В целях системного и последовательного информирования всех групп населения о деятельности местного представительного органа и проводимых им мероприятиях работает официальный сайт маслихата.

Введенная в практику онлайн-трансляция сессий и других мероприятий маслихата также позволяет оперативно информировать население города о рассматриваемых местным представительным органом вопросах и предоставляет возможность жителям задать интересующие их вопросы и получить на них ответы руководителей городских исполнительных органов.

Одним из эффективных инструментов формирования депутатского имиджа является социальная сеть Фейсбук, где депутаты системно информируют пользователей о своей депутатской активности, дают разъяснения по депутатским вопросам.

В рамках разъяснительной работы с населением о ходе реализации программных документов Главы Государства депутатами маслихата проведены встречи в трудовых коллективах, принималось активное участие в обсуждении в средствах массовой информации Послания Главы государства народу Казахстана «Рост благосостояния казахстанцев: повышение доходов и качества жизни» и статьи «Семь граней Великой степи».

Депутаты, наряду с участием в работе сессий и заседаний постоянных комиссий, принимают непосредственное участие в социально-экономической жизни столицы. Будучи членами депутатской фракции Партии «Нұр Отан» депутатами осуществляется партийный контроль и мониторинг за ходом реализации программных документов партии, государственных, отраслевых и региональных программ, а также эффективного использования бюджетных средств и средств, выделенных из Национального фонда Республики Казахстан. Все депутаты являются членами координационных советов, городских и межведомственных комиссий при акимате города.


Большая работа депутатами маслихата города Астаны проводится в своих избирательных округах, ведется прием избирателей, рассматриваются обращения граждан, своевременно направляются запросы и письма в соответствующие городские ведомства.

Маслихат города Астаны **РЕШИЛ:**

1. Отчет секретаря городского маслихата о проделанной работе по организации деятельности маслихата за 2018 год принять к сведению.


2. Рекомендовать депутатам, аппарату маслихата города Астаны в тесном взаимодействии с исполнительными органами столицы принять меры по дальнейшему совершенствованию и активизации депутатской деятельности в целях реализации задач, направленных на улучшение благосостояния населения столицы.

**Председатель сессии
маслихата города Астаны**



Е. Сыдыков

**Секретарь маслихата
города Астаны**



Ж. Нурпиисов